Сабақтың соңы	Қорытындылау. Бүгінгі сабақтан үйренген жақсы қасиеттерін еске түсіріп, айтып береді.	Сабаққа кері байланыс береді		Ойды аяқта: 








Сабақ №28

Бөлім:				
Педагогтің аты-жөні				
Күні:				
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:		
Сабақтың тақырыбы	Стереометрия аксиомалары және олардың салдарлары			
Сабақтың мақсаты	стереометрия аксиомаларын, олардың салдарларын білу және оларды математикалық символдар арқылы жазып көрсету дағдыларын дамыту			
Сабақ барысы				
Сабақ кезеңдері	Мұғалімнің оқу іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Оқушылармен амандасып, түгелдеу. Сабақ тақырыбы, мақсатымен таныстырылады.	Оқушылар амандасып, сабаққа назар аударады	теңге қағаздары арқылы бағалау	
Сабақтың ортасы	1-тапсырма: 1) Жазықтықтағы фигураларды зерттейтін геометрия бөлімі қалай аталады? 2) Жазықтықтағы негізгі фигураларды атаңыз. 3) Аксиома деген не? 4) Планиметрия аксиомаларын тұжырымдаңыз. 5) Түзу және түзуде жатпайтын нүкте арқылы неше жазықтық жүргізуге болады? 6) Түзу мен жазықтықтың қанша ортақ нүктесі болуы мүмкін? 7) Түзу мен жазықтықтың жалғыз ортақ нүктесі болуы мүмкін бе? 2-тапсырма: Жеке жұмыс. 1. Кеңістіктегі екі нүкте арқылы неше түзу өтеді?(жалғыз) 2 . Кеңістіктегі үш нүкте арқылы неше жазықтық өтеді?(бір, егер үш нүкте бір түзудің бойында жатпаса, шексіз көп, егер үш нүкте бір түзудің бойында жатса) 3 . Екі жазықтықтың қанша ортақ нүктесі болуы мүмкін?(ортақ нүктесі жоқ немесе шексіз көп ортақ нүктелері болады) 4. Кеңістіктегі кез-келген а) үш нүкте;(иә) б) төрт нүкте бір жазықтықта жатады. Бұл тұжырымдар дұрыс па?(жоқ) 5. Егер шеңбердің екі нүктесі жазықтыққа тиісті болса, шеңбер жазықтықта жатады. Тұжырым дұрыс па? (жоқ)	Сұрақтарға жауап береді	теңге қағаздары арқылы бағалау	 

	6. Сурет бойынша М нүктесі қай жазықтықтарға тиісті екенін анықтаңыз.  Жауабы: β, γ, π 7. Егер а) α және β – жазықтықтары қиылысатын болса және А, В, С нүктелері α және β жазықтықтарына тиісті; б) α және β жазықтықтары қиылысатын болса, К, L, М нүктелері α және β жазықтықтарына тиісті болса, N, O, Р нүктелері α және γ жазықтықтарына тиісті болса, төмендегі сызбалардан қателерді табыңыз. Жауабы: а) А, В, С нүктелері бір түзудің бойында жатуы тиіс; б) N, O, Р нүктелері бір түзудің бойында жатуы тиіс. 3-тапсырма: Тақырыпты бекіту мақсатында, оқушыларға келесі тест сұрақтарын ұсыныңыз: 1. Кеңістіктегі бір нүкте арқылы қанша түзу жүргізуге болады? 1) түзу жүргізуге болмайды. 2) бір. 3) екі. 4) шексіз көп. 2. Кеңістіктегі бір нүкте арқылы қанша жазықтық жүргізуге болады? 1) жазықтық жүргізуге болмайды. 2) бір. 3) екі. 4) шексіз көп. 3. Кеңістіктегі екі нүкте арқылы қанша түзу жүргізуге болады? 1) түзу жүргізуге болмайды. 2) бір. 3) екі. 4) шексіз көп. 4. Кеңістіктегі екі нүкте арқылы қанша жазықтық жүргізуге болады? 1) жазықтық жүргізуге болмайды. 2) бір. 3) екі. 4) шексіз көп.	Есептерді шығарады		
Сабақтың соңы	Қорытындылау. Бүгінгі сабақтан үйренген жақсы қасиеттерін еске түсіріп, айтып береді.	Сабаққа кері байланыс береді	қағаздары арқылы бағалау	



Сабақ №29

Бөлім:				
Педагогтің аты-жөні				
Күні:				
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:		
Сабақтың тақырыбы	Кеңістіктегі түзулер арасындағы бұрыш. Перпендикуляр және көлбеу.			
Сабақтың мақсаты	Тақырыпқа типтік берілген есептерді шығару барысында туындының ережелерін қолдану дағдыларын арттыру			
Сабақ барысы				
Сабақ кезеңдері	Мұғалімнің оқу іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Оқушылармен амандасып, түгелдеу. Сабақ тақырыбы, мақсатымен таныстырылады.	Оқушылар амандасып, сабаққа назар аударады	Түрлі түсті жетондар арқылы	
Сабақтың ортас	1-тапсырма: Миға шабуыл 1.Түзу дегеніміз не? 2.Бұрыш дегеніміз не? 3.Екі түзідің кеңістіктегі орналасу түрлерін атаңыз? 4.Қандай түзулерді қиылысатын, параллель және айқас деп атаймыз? 2-тапсырма: ОВ және CD түзулері параллель, ал ОА және CD түзулері айқас.ОА және CD түзулерінің арасындағы бұрышты табындар, егер: а) $\angle AOB = 40^\circ$; б) $\angle AOB = 135^\circ$; в) $\angle AOB = 90^\circ$. 3- тапсырма. -Дәптерге айқас а және b түзулерін салыңыз -Біз қандай түзулердің арасындағы бұрышты таба аламыз? -Бұл жағдайда біз дағдыларымызды пайдалану үшін не істеуіміз керек? -Айқас түзулерді салу алгоритмін құрастырыңыз -Сызбаны аяқтап айтылғанды қысқаша жазып алыңыз 4-тапсырма: №1.А...D ₁ кубында А ₁ С ₁ және В ₁ D ₁ арасындағы бұрышты табыңыздар	Сұрақтарға жауап береді	Түрлі түсті жетондар арқылы	
		Тапсырманы орындайды	Түрлі түсті жетондар арқылы	
		Тапсырманы орындайды	Түрлі түсті жетондар арқылы	
		Тапсырманы орындайды	Түрлі түсті жетондар арқылы	

	 №2. $A...D_1$ кубында AA_1 және BC арасындағы бұрышты табыңдар  №3. $A...D_1$ кубында AA_1 арасындағы BC_1 арасындағы бұрышты табыңыздар  №4. $A...D_1$ кубында AB_1 және BC_1 арасындағы бұрышты табыңыздар  №5. $A...D_1$ кубында AB_1 және CD_1 арасындағы бұрышты табыңыздар  №6. x, y –ті тап  №7. x –ті тап 			
Сабақтың соңы	Қорытындылау. Бүгінгі сабақтан үйренген жақсы қасиеттерін еске түсіріп, айтып береді.	Сабаққа кері байланыс береді		


Сабақ №30

Бөлім:				
Педагогтің аты-жөні				
Күні:				
Сынып:		Қатысушылар саны: -	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы		Түзу мен жазықтық арасындағы бұрыш. Үш перпендикуляр туралы теорема.		
Сабақтың мақсаты		Тақырыпқа типтік берілген есептерді шығару барысында туындының ережелерін қолдану дағдыларын арттыру		
Сабақ барысы				
Сабақ кезеңдері	Мұғалімнің оқу іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Оқушылармен амандасып, түгелдеу. Сабақ тақырыбы, мақсатымен таныстырылады. Оқушыларды топқа бөлу	Оқушылар амандасып, сабаққа назар аударады	Күлегештер арқылы бағалау	Интерактивті тақта, стикер , смайликтер, көрнекіліктер
Сабақтың ортасы	1-тапсырма Кубизм сұрақтары С-1: Перпендикуляр түзулер дегеніміз не? С-2: Түзу мен жазықтықтың перпендикулярлығы дегеніміз не? С-3: Түзу мен жазықтықтың перпендикулярлық белгісі қалай айтылады? С-4: Жазықтыққа перпендикуляр түзу туралы теореманың айтылуы С-5: Перпендикуляр түзу мен жазықтықтың қасиеттерінің айтылуы. С-6: Нүктеден жазықтыққа дейінгі қашықтық дегеніміз не? С-7: Көлбеу, көлбеудің проекциясы дегеніміз не? 2-тапсырма «Ой қозғау» №1. А нүктесінен жазықтығына АВ перпендикулярлары мен АС көлбеуі жүргізілген. Егер: 1) АВ = 4 см, АС = 6 см болса, онда ВС -ны табыңыз; 2) АС = 13 см, ВС = 12 см болса, онда АВ -ны табыңыз. №2. АК кесіндісі АВСД квадраты жатқан жазықтыққа перпендикуляр. АВ = 3 м, ВК = 5 м деп алып, К нүктесінен ВД түзуіне дейінгі қашықтықты табыңдар. Ж: $\sqrt{20,5}$ м. 3-тапсырма:	Сұрақтарға жауап береді <		

	№1. МА түзуі ABC жазықтығына перпендикуляр. MB түзуі мен ABC жазықтығы арасындағы бұрышты табыңыз.  №2. Берілгені: МА түзуі α жазықтығына перпендикуляр. α жазықтығы мен МА түзуінің арасындағы бұрышты табыңыз.  4-тапсырма Жұптық жұмыс №1. ABC тең қабырғалы үшбұрышының төбелерінен D нүктесіне дейінгі қашықтық 5 см. Егер $AB = 8$ см болса, онда D нүктесінен ABC үшбұрышы жатқан жазықтыққа дейінгі қашықтықты табындар. №2. AD кесіндісі ABC тең бүйірлі үшбұрышының жазықтығына перпендикуляр. $AB = AC = 5$ см, $BC = 6$ AD = 12 см екені белгілі. AD кесіндісінің ұштарынан BC түзуіне дейінгі ара қашықтықты табындар. №3. Тік бұрышты ABC үшбұрышының C тік бұрышының төбесі арқылы гипотенузадан 1 м қашықтықта оған параллель жазықтық жүргізілген. Катеттердің осы жазықтыққа проекциялары 3 м және 5 м-ге тең. Гипотенузаны табындар.	Тапсырманы орындайды Тапсырманы орындайды	Күлегештер арқылы бағалау Күлегештер арқылы бағалау Күлегештер арқылы бағалау	  
Сабақтың соңы	Қорытындылау. Бүгінгі сабақтан үйренген жақсы қасиеттерін еске түсіріп, айтып береді.	Сабаққа кері байланыс береді		


Сабақ №31

Бөлім:				
Педагогтің аты-жөні				
Күні:				
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:		
Сабақтың тақырыбы	Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі			
Сабақтың мақсаты	кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі салуға және сипаттауға дағдыландыру			
Сабақ барысы				
Сабақ кезеңдері	Мұғалімнің оқу іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Оқушылармен амандасып, түгелдеу. Сабақ тақырыбы, мақсатымен таныстырылады.	Оқушылар амандасып, сабаққа назар аударады	«Екі жұлдыз бір тілек» әдісі	Интерактивті тақта, стикер , смайликтер, көрнекіліктер
Сабақтың ортасы	1-тапсырма 1. Жазықтық пен түзудің арасындағы бұрыш дегеніміз не? 2. Түзу мен жазықтықтың арақашықтығы дегеніміз не? 3. Түзу мен жазықтық қалай орналасуы мүмкін? 2-тапсырма: Миға шабуыл стратегиясын қолдану А) Координаталары бойынша нүктелерді салыңдар A(3; 1; 2), B(- 1; 4; 0), C(0; 0; 5) В) ABCD төртбұрышының параллелограмм екенін дәлелдендер Төбелері A(4; 2; 1), B(3;- 1; 0), C(- 6;- 2; 5), D(- 5; 1; 6) 3-тапсырма Есептер шығару	Сұрақтарға жауап береді	«Екі жұлдыз бір тілек»әдісі	
		Тапсырманы орындайды	«Екі жұлдыз бір тілек»әдісі	
		Тапсырманы орындайды	«Екі жұлдыз бір тілек»әдісі	
	№1. Координаталары бойынша A(3;1; 2), B(-1; 4; 0), C(0; 0; 53), D(2; 51; 0) нүктелерін салыңдар. №2. A(1; 7; 3), B(3; 0; 0), C(1; 2; 0), D(0; 5; 1) нүктелдері берілген. Осы нүктелердің қайсысы 1) ху жазықтығында; 2) уz жазықтығында; 3) х осінде жатады?			


	№3. М(9; 5; 10) нүктесі берілген. Осы нүктеден координаталық осьтерге және координаталық жазықтықтарға түсірілген перпендикулярдың табандарының ұзындығын табындар.			
Сабақтың соңы	Қорытындылау. Бүгінгі сабақтан үйренген жақсы қасиеттерін еске түсіріп, айтып береді.	Сабаққа кері байланыс береді		

Сабақ №32

Бөлім:				
Педагогтің аты-жөні				
Күні:				
Сынып:	Қатысушылар саны:		Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	Екі нүктенің арақашықтығы. Кесінді ортасының координаталары.			
Сабақтың мақсаты	Кеңістіктегі екі нүкте арасындағы арақашықтықты , кесіндінің ортасының координаталарын таба білуге машықтандыру			
Сабақ барысы				
Сабақ кезеңдері	Мұғалімнің оқу іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Оқушылармен амандасып, түгелдеу. Сабақ тақырыбы, мақсатымен таныстырылады.	Оқушылар сабаққа назар аударады	«Басбармақ» әдісі	Интерактивті тақта, стикер , смайликтер
Сабақтың ортасы	1-тапсырма: Ой қозғау. 1.Жазықтықтағы екі нүктенің арақашықтығы; 2.Жазықтықтағы кесіндінің ортасы; 3.Кеңістіктегі тікбұрышты координаталық жүйеде нүктенің координатасын анықтау 2-тапсырма Есептер шығару 1. $A(3;-2;-4)$ нүктесі берілген. А нүктесінен Оу осі мен А нүктесінен xOz жазықтығына дейінгі арақашықтықтың қосындысын табыңыз. 2.ABC үшбұрышының координата-лары берілген $A(2;-1;-3)$, $B(-3;5;2)$, $C(-2;3;-5)$. BM – ABC үшбұрыш медианасы. BM медианасының ұзындығын табыңыз. 3. $A(4; -3; 2)$, $B(-1; -5; 4)$ нүктелері берілген. Оу осінде жататын және А мен В	Түсініктеме береді 		



	нүктелерінен бірдей қашықтықта жатқан С нүктесінің координатасының қосындысын табыңыз. 3-тапсырма: 1. Егер $A(2; 1; 3)$, $B(2; 1; 5)$, $C(0; 1; 1)$ болса, онда ABC үшбұрышының AK медианасының ұзындығын табыңыз. 2. $A(2; 0; 2)$, $B(2; 2; 0)$, $C(2; 2; 2)$ нүктелері ABC үшбұрышының төбелері болса, осы үшбұрыштың қабырғаларының ортасын табыңыз.	Тапсырманы орындайды	Геометриялық фигуралар арқылы бағалау	
Сабақтың соңы	Қорытындылау. Бүгінгі сабақтан үйренген жақсы қасиеттерін еске түсіріп, айтып береді.	Сабаққа кері байланыс береді		

Сабақ №33

Бөлім:				
Педагогтің аты-жөні				
Күні:				
Сынып:	Қатысушылар саны:		Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	Векторларды қосу, векторды санға көбейту			
Сабақтың мақсаты	Координаталарымен берілген векторларды қосуды және векторды санға көбейтуді орындау дағдыларын дамыту			
Сабақ барысы				
Сабақ кезеңдері	Мұғалімнің оқу іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Оқушылармен амандасып, түгелдеу. Сабақ тақырыбы, мақсатымен таныстырылады.	Оқушылар сабаққа назар аударады	«Тиындар арқылы» бағалау	
Сабақтың ортасы	1-тапсырма: Тірек сөздер 1. Үшбұрыш ережесі; 2)Параллелограмм ережесі; 3) Көпбұрыштар ережесі 4)Векторды санға көбейту 2-тапсырма Суретті қолданып, $\overrightarrow{AB}$, $\overrightarrow{AC}$, $\overrightarrow{AD}$ векторлардың координаталарын және модулін табыңдар. 	Түсінік береді Тапсырманы орындайды	«Тиындар арқылы» бағалау «Тиындар арқылы» бағалау	 

	4. $\vec{a} + \vec{b}$ қосындысының абсолют шамасын табыңдар. 5. $\vec{a} - \vec{b}$ айырымын табыңдар. 6. $\vec{a} - \vec{b}$ айырымының абсолют шамасын табыңдар. 7. $\vec{c} = 3\vec{a} - 2\vec{b}$ векторының координаталарын және абсолют шамасын табыңдар. 8. $\vec{a}$ және $\vec{b}$ векторларының скаляр көбейтіндісін табыңдар.			
Сабақтың соңы	Қорытындылау. Бүгінгі сабақтан үйренген жақсы қасиеттерін еске түсіріп, айтып береді.	Сабаққа кері байланыс береді		Рефлексия  Сабақ қызықты болды. Мен барлығын түсіндім. Әлі де түсінуім керек. Сұрағым бар. Мен ештеңе түсінбедім.

Сабақ №34

Бөлім:				
Педагогтің аты-жөні				
Күні:				
Сынып:		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы		Вектордың скаляр көбейтіндісі.		
Сабақтың мақсаты		Кеңістіктегі векторлардың скаляр көбейтіндісінің қасиеттерін қолдаун арқылы есептер шығару дағдыларын арттыру		
Сабақ барысы				
Сабақ кезеңдері	Мұғалімнің оқу іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Оқушылармен амандасып, түгелдеу. Сабақ тақырыбы, мақсатымен таныстырылады. Оқушыларды топқа бөлу	Оқушылар амандасып, сабаққа назар аударады	«Алма жемісі » арқылы	
Сабақтың ортасы	Есептер шығару 1) A(5;2;1), B(-3;4;0), C(3;0;4), D(1;-4;3) нүктелері берілген. $\overline{AB} \cdot \overline{AC}$ есептеңіз. 2) A(5;2;1), B(-3;4;0), C(3;0;4), D(1;-4;3) нүктелері берілген. $\overline{AD} \cdot \overline{BC}$ есептеңіз. 3) A(5;2;1), B(-3;4;0), C(3;0;4), D(1;-4;3) нүктелері берілген. $\cos(\angle CAD)$ есептеңіз.	Берілген тапсырманы орындайды	«Алма жемісі » арқылы	

	4) $A(5;2;1)$, $B(-3;4;0)$, $C(3;0;4)$, $D(1;-4;3)$ нүктелері берілген. $\cos(\angle ADC)$ есептеңіз. 5) $\vec{a}$ және $\vec{b}$ векторларының арасындағы бұрышты табыңыз, мұнда $\vec{a} = 3$, $\vec{b} = \sqrt{2}$, $\beta = 45^\circ$ 6) $\vec{a}$ және $\vec{b}$ векторларының арасындағы бұрышты табыңыз, мұнда $\vec{a} = \sqrt{3}$, $\vec{b} = 3$, $\beta = 30^\circ$ 7) ABC үшбұрышында $A(2;1;3)$, $B(2;1;4)$, $C(0;4;3)$. $\angle B$-ны табыңыз. 8) ABC үшбұрышында $A(2;1;3)$, $B(2;1;4)$, $C(0;4;3)$. $\overline{AB} \cdot \overline{AC}$-ны табыңыз.			
Сабақтың соңы	Қорытындылау. Бүгінгі сабақтан үйренген жақсы қасиеттерін еске түсіріп, айтады	Сабаққа кері байланыс береді		Ойды аяқта.

ҚОРЫТЫНДЫ

Тригонометриялық функцияларды қолдану:

1. Геометрия: Тригонометриялық функциялар үшбұрыштар мен олардың бұрыштарын зерттеуде маңызды рөл атқарады. Әсіресе, тік бұрышты үшбұрыштарда олар өте жиі қолданылады.

2. Физика: Қозғалыс, толқындар, тербелістер, жарықтың сынуы мен толқындық құбылыстар сияқты әртүрлі физикалық құбылыстарды модельдеу үшін тригонометриялық функциялар қолданылады.

3. Инженерия: Механикалық жүйелердің динамикасы, электротехника, құрылыс және техникалық жобаларда тригонометриялық функцияларды қолдану маңызды.

4. Астрономия: Жұлдыздардың орналасуын, аспан денелерінің қозғалысын және астрономиялық есептерді шешуде тригонометриялық функциялар қажет.

5. Экономика және қаржы: Тригонометрия экономикалық модельдер мен статистикада да қолданылуы мүмкін, мысалы, циклдік процестер мен тербелмелі қозғалыстарды модельдеу үшін.

Авторлық бағдарлама құру туралы толық түсінік:

Тригонометриялық функциялармен жұмыс істейтін авторлық бағдарлама - бұл математикалық есептерді автоматты түрде шешетін, қолданушыға жайлы интерфейс ұсынатын құрал. Мұндай бағдарламалар әртүрлі мақсаттарда, мысалы, оқыту, есеп шығару, графиктер салу, зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін құрылады.

Бағдарлама функционалдығы:

1. Пайдаланушыдан деректерді енгізу: Бұрыштың мәні немесе қажетті функцияның түрі енгізіледі.

2. Есептеу және нәтижелер көрсету:

- Пайдаланушы енгізген бұрыштың немесе мәндердің негізінде тригонометриялық функциялар есептеледі.

- Қолданушыға нәтиже нақты түрде көрсетіледі.

3. Графиктер салу:

- Графиктерді құру бағдарламаның мүмкіндігіне қарай автоматты түрде жүзеге асырылады, мысалы, синус пен косинус функцияларының графиктері.

- Графиктер визуализация үшін өте маңызды, өйткені олар функциялардың өзгерістерін анық көруге мүмкіндік береді.

4. Қосымша мүмкіндіктер:

- Бағдарламада түрлі бұрыштық өлшемдер мен олардың функцияларының байланысын көрсету.

- Қолданушыға математикалық формулаларды нақты түсіндіру үшін оқу құралдары мен анықтамалар қосу.

Бағдарлама жасаудың артықшылықтары:

- Білім беру: Оқушылар мен студенттер үшін тригонометриялық функцияларды үйрену мен қолдануды жеңілдетеді.

- Есептеу жылдамдығы: Кешенді есептеулер мен функцияларды есептеу автоматты түрде жасалады, бұл уақыт үнемдеуге көмектеседі.
- Дәлдік: Бағдарлама қателіктердің алдын алып, дұрыс нәтижелер береді.

Тригонометриялық функциялар математика мен басқа ғылым салаларында кеңінен қолданылады. Бұл функциялардың математикалық негізі мен оларды түрлі есептерде қолдану өте маңызды. Авторлық бағдарлама жасау арқылы осындай функцияларды есептеу, графиктер салу және нәтижелерді визуализациялау мүмкіндігін ұсыну арқылы математикалық есептерді жеңілдетуге болады. Мұндай бағдарламалар білім алушылар үшін тиімді құрал болып табылады, өйткені олар практикалық түрде функциялардың қалай жұмыс істейтінін және олардың әр түрлі жағдайларда қалай қолданылатынын көрсетеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Абрамов, А. Я. «Математика» — Алматы: Қазақ университеті, 2008.
2. Панов, В. С. «Тригонометрия және математикалық анализ» — Алматы: «Ғылым», 2010.
3. Жұматаев, Т. Ә. «Жалпы математика: Тригонометрия» — Алматы: Білім, 2015.
4. Тұяқов, С. А. «Математика: Тригонометрия» — Алматы: ҚазҰУ, 2014.
5. Бұзаубақов, Р. Н. «Математика» — Алматы: «Дәуір», 2016.
6. Аманов, С. Ә. «Геометрия және тригонометрия негіздері» — Алматы: «Қазақ университеті», 2017.
7. Қуанов, Қ. К. «Тригонометрия негіздері» — Алматы: «Нұр-Медиа», 2019.
8. Ибраев, Д. Р. «Математикалық анализ және тригонометрия» — Алматы: «Қазақ университеті», 2011.
9. Райымқұлов, Қ. А. «Математика оқулығы» — Алматы: «Ғылым», 2018.
10. Дудникова, Н. Л. «Тригонометрия: теория және есептер» — Алматы: «ҚазҰПУ», 2020.

Мұғалімдер үшін:

1. Қайыңбаев Жанболат Тұрсынқожаұлы. Жаттығу, есеп ... «Математика және Физика журналы» №3, 2017. – 2-4 б. 2. 2
2. Генденштейн Л.Э., Ершова А.П., Ершова А.С. Наглядный справочник по математике с примерами. Для абитуриентов, школьников, учителей. – М.:
3. Илекса, 2005, – 192 с. 3. 3 Гусев В.А., Мордкович А. Г. Математика: Справ. материалы – М.: Просвещение, 1999. – 416 с. 4. 4
4. Кулагин Е.Д. и др 3000 конкурсных задач по математике. – М., 2003. – 380 с. 5. 5
5. Бидосов Ә. Математиканы оқыту әдістемесі: Оқу құралы. 2-ші басылым. – Алматы, 2007. – 262 б.

РЕЦЕНЗИЯ

Білім беру ұйымы: Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Көктерек ауылдық округі И.В.Панфилов атындағы жалпы білім беретін мектебі

Авторы: математика пәнінің мұғалімі – Туреханова Гульжан Кулахметовна

Тақырыбы: Тригонометриялық функциялар

1. Бағдарламаның өзектілігі: Математика пәнінен алған білім, білік дағдыларын оқушылар басқа да пәндерді игеруге, өмірде, күнделікті тұрмыстағы түрліше есептеулерде еркін қолдана алуы тиіс. Математикадан факультатив сабағының мақсаты оқушыларға кеңірек көлемде түсінік беру, кейбір күрделі тарауларды көбірек қайталау арқылы пысықтау, жүйеге келтіру, өтілген материалдарды еске түсіру, оларға күрделірек есептер шығару арқылы толық көлемде мағлұмат алу. Сол сияқты мемлекеттік қорытынды аттестацияны тест нысанында тапсыратын оқушыларды тестіге дайындау, психологиялық тұрғыдан даярлау.

2. Жұмыстың ғылыми-әдістемелік деңгейі: модификациялық.

3. Жұмыс жаңалығының дәрежесі білім беру жүйесінде аналогтардың болуы немесе болмауы (қала/аудан, облыс, республика, шетелдерде): мазмұны бойынша жаңа (білім беру жүйесінде аналогы жоқ) бағдарлама.

4. Жұмыстың ғылымилығы: Жаңа білім беру парадигмасы философиясына, әдіснамасына, психологиясына және педагогикалық ғылым мен практиканың соңғы жетістіктеріне сәйкес әзірленген.

- оқушылардың білім беру дағдысын қалыптастыру ғана емес, жеке тұлғасын дамыту және тәрбиелеу;
- балалардың психофизиологиялық және әлеуметтік денсаулығын сақтау;
- білім беру процесінің экономикалық, экологиялық, этнопедагогикалық, психологиялық бағыттылығын қамтамасыз ету;
- білім беру мазмұнының гуманистік, интеграциялық және инновациялық тәсілдерге сәйкестігін қамтамасыз ету және т.б.;
- ғылым талаптарына сәйкестікті қамтамасыз ету (проблеманың болуы, ғылыми гипотеза, проблеманы гипотикалық шешу, ғылыми негізделген зерттеу жүргізу, зерттеу нәтижелерін зерттеу алдында алынған мәліметтермен салыстыру).

5. Ішкі бірлікті бағалау және жұмыстың әдіснамалық негізінің сипаттамасы: Жаңартылған білім беру бағдарламасына сай оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға арналған. Нақты тақырыптар бойынша білімдерін тереңдетіп, толықтыру; теориялық білімдерін іс жүзінде қолдануға, отбасында болатын мәселелерін (жағдайларын) шешу тәсілдері мен амалдарын табуға көмектесу; мақсатқа жетуге деген ұмтылыс, еңбек сүйгіштік, білуге деген құштарлық, ұқыптылық, жауапкершілік сезімі, тұлғалық мәдениет қабілеттерін қалыптастыру;

6. Жұмыстың әрбір нәтижесінің, ғылыми жағдайының, қорытындылары мен тұжырымдамаларының негізділік және дәйектілік дәрежесі: Бағдарлама тақырыптары білім алушының тригонометриялық функциялар бағытында білімін дамытады, ізденушілік, зерттеушілік әрекетіне жол ашады, кәсіпшілік қызығушылықтарын қалыптастыруға жағдай жасайды, балалар арасындағы қарым-қатынас біліктілігін жүзеге асыруда қиындықты шешуге мүмкіндік береді.

7. Жұмыстың практикалық маңыздылығы: тақырып бойынша атқарылатын істің нақты жағдайын жақсы жаққа өзгертуге мүмкіндік береді. Мектеп бағдарламасының тәжірибесінде енгізу үшін ұсынылады. Мысалы, білімді өз

бетінше игеруді, жаңа танымдық және практикалық дағдыларын меңгеру, қажетті ақпаратты алу мүмкіндігі, фактілерді талдап қорытынды жасау. Ұлттық руханият контексінде білім алушылардың болашақта ұлттық педагогиканы, ұлттық тәрбиені, отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасты, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырады, жауапкершілік міндеттерін жүзеге асыруға көмектеседі.

8. Жұмыстың аралық және қорытынды нәтижелерін ұсынудың нысандары мен тәсілдері: барлық шығармашылық тапсырмалардың болуын қамтамасыз етуге баса назар аударылған. (практикалық, шығармашылық жұмыстар, оқу-әдістемелік қолдаумен жүзеге асырылатын ашық сабақтар, әдістемелік ұсыныстар, сызбалар, кестелер, талдау тапсырмалары және т.б.)

— Оқушылардың жас ерекшелігі ескерілген, мазмұны қарапайым және тікелей немесе жанама түрде оқу бағдарламасымен байланысты, түсінуге қолжетімді және тартымды;

— Тілі қарапайым және жеңіл;

— Қол жетімді зертханалық және практикалық жұмыстар қамтылған;

— Өткізу нысаны бойынша әртүрлі.


9. Ресімдеуге қойылатын талаптарға сәйкестігі. Жұмыстың мазмұны бойынша кемшіліктер мен ескертулер. Барлық талаптарға сәйкес, кемшіліктер мен ескертулер жоқ. Бағдарлама мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын басшылыққа ала отырып, оның талаптарына сәйкес жасалынған. Оқушылардың нақты мүмкіндіктері мен қызығушылықтарын есепке ала отырып, олардың қызығушылық әрекеттерін қамтыған.

10. Жұмысты пайдалану бойынша қорытындылар мен ұсыныстар. Оқушыларды жаратылыстану сауаттылыққа дайындау барысында қолдануға өте тиімді құрал. (апробациялау, жалпылау, тарату, жариялау, бекіту, аттестаттау, кемшіліктерді жою, пысықтау, бекіту және т. б.). Ескертулер жоқ. Маңыздылығы, нәтижелілігі айқындалған. Бағдарламада балалардың пән бойынша білімін тереңдетіп сауаттылық дағдысын қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар балалардың білім-білік дағдыларын қалыптастырумен қатар өмірге деген көзқарасын өзгертіп, шешуші роль атқарады. Бағдарламада ұсынылған практикалық жұмыстар бойынша білім алушылар өздігінен жұмыс жасай алады, игемдіктерін көрсете алады, басқаларға түсіністікпен қарауға үйренуге көмек береді. Аталған авторлық бағдарламаның әзірленуі барлық талаптарға сай, білім алушылардың жас шамасы ескерілген, білім деңгейлеріне сай жасалған.

«Өрлеу» АҚ БАҰО Жамбыл облысы бойынша ПҚ БАИ
«Инновациялық Технологиялар және Жаратылыстану
(гуманитарлық) пәндерді оқыту әдістемесі»
кафедрасының меңгерушісі
п.ғ.к., к/ профессоры



Ш.М. Тойганбекова



РЕЦЕНЗИЯ

Білім беру ұйымы: Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Көктерек ауылдық округі №16 И.В.Панфилов атындағы жалпы білім беретін мектебі

Авторы: директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары және математика пәні мұғалімі Туреханова Гульжан Кулахметовна

Тақырыбы: «Тригонометриялық функциялар» авторлық бағдарламасы

- 1.Бағдарламаның өзектілігі:** Математика пәнінен алған білім, білік және дағдыларды оқушылардың басқа пәндерді меңгеруде, күнделікті өмірде және практикалық жағдаяттарда еркін қолдана білуі – қазіргі білім беру жүйесінің негізгі талаптарының бірі. Осы тұрғыда ұсынылып отырған «Тригонометриялық функциялар» авторлық бағдарламасы оқушылардың теориялық білімдерін тереңдетуге, күрделі тақырыптарды жүйелі түрде меңгеруіне және функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған. Бағдарлама оқушыларды мемлекеттік қорытынды аттестацияға, тестілеуге және ҰБТ-ға дайындауда, сондай-ақ психологиялық тұрғыдан даярлауда өзектілігімен ерекшеленеді.
- 2.Жұмыстың ғылыми-әдістемелік деңгейі:** Бағдарламаның ғылыми-әдістемелік деңгейі – модификациялық. Ол қолданыстағы типтік бағдарламаларды негізге ала отырып, мазмұны тереңдетілген және практикалық бағытта жетілдірілген.
- 3.Жұмыс жаңалығының дәрежесі:** Бағдарлама мазмұны бойынша жаңа, білім беру жүйесінде аналогы жоқ авторлық еңбек болып табылады. Қала, аудан, облыс көлемінде қолдануға бейімделген.
- 4.Жұмыстың ғылымилығы:** Бағдарлама жаңа білім беру парадигмасы философиясына, педагогикалық психология мен әдіснама талаптарына, сондай-ақ педагогика ғылымы мен практиканың соңғы жетістіктеріне сәйкес әзірленген. Бағдарламада:
 - оқушылардың білім, білік дағдыларын қалыптастырумен қатар тұлғалық дамуына мән берілген;
 - оқушылардың психофизиологиялық және әлеуметтік денсаулығын сақтау көзделген;
 - білім беру мазмұнының гуманистік, интеграциялық және инновациялық бағыты қамтамасыз етілген;
 - ғылыми негізделген зерттеу элементтері сақталған.
- 5.Ішкі бірлікті бағалау және әдіснамалық негізі:** Бағдарлама жаңартылған білім беру мазмұнына сай жасалып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған. Нақты тақырыптар бойынша білімді тереңдету, теорияны практикамен байланыстыру, өмірлік жағдаяттарда қолдану дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар оқушылардың жауапкершілік, еңбекқорлық, мақсатқа ұмтылу, тұлғалық мәдениет сияқты қасиеттерін дамытуға ықпал етеді.

- 6.Нәтижелердің негізділігі мен дәйектілігі:** Бағдарлама мазмұны оқушылардың тригонометриялық функциялар бойынша білімін дамытып, ізденушілік және зерттеушілік әрекеттеріне жол ашады. Кәсіби бағдар беруге, логикалық ойлауын дамытуға және өзара қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.
- 7.Жұмыстың практикалық маңыздылығы:** Бағдарлама мектеп тәжірибесінде қолдануға толық мүмкіндік береді. Оқушылардың өздігінен білім алуына, жаңа танымдық және практикалық дағдыларды меңгеруіне, ақпаратты талдап, қорытынды жасауына жағдай жасайды. Бағдарлама ұлттық құндылықтарды, жауапкершілік пен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған.
- 8.Нәтижелерді ұсыну нысандары мен тәсілдері:** Бағдарламада практикалық және шығармашылық жұмыстар, ашық сабақтар, әдістемелік ұсыныстар, сызбалар, кестелер, талдау тапсырмалары қарастырылған. Оқушылардың жас ерекшелігі ескеріліп, мазмұны түсінікті әрі тартымды берілген.
- 9.Ресімдеуге қойылатын талаптарға сәйкестігі:** Бағдарлама ресімдеу талаптарына толық сәйкес келеді. Кемшіліктер мен ескертулер анықталған жоқ. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптары сақталған.
- 10.Қорытынды және ұсыныстар:** Аталған «Тригонометриялық функциялар» авторлық бағдарламасы жаратылыстану-математикалық сауаттылықты арттыруда тиімді құрал болып табылады. Бағдарламаны апробациялауға, таратуға және мұғалімнің біліктілік санатын (педагог-зерттеуші) қорғау барысында пайдалануға толық ұсынылады.

Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы,
№15 Ш.Қалдаяқов атындағы жалпы білім беретін
мектебінің директоры, физика
пәнінің «педагог-шебер»
санатты мұғалімі:



К.Космуратов



САРЫАҒАШ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ

АУДАНДЫҚ САРАПТАМА КЕҢЕСІНІҢ №3 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ

25.12.2025 жыл

Сарыағаш қаласы

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

Аудандық сараптама кеңесіне ұсынылған «№16 И.В.Панфилов атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің математика пәнінің мұғалімі Туреханова Гульжан Кулахметовнаның «Тригонометриялық функциялар» тақырыбындағы авторлық бағдарламасын сараптау.

ТЫНДАЛДЫ:

Ұсынылған «Тригонометриялық функциялар» авторлық бағдарламасы қазіргі білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелерді шешуге бағытталған, мазмұны жағынан жаңартылған білім беру талаптарына толық сәйкес келетін, ғылыми-әдістемелік тұрғыда негізделген педагогикалық жұмыс болып табылады.

Жұмыс білім беру ұйымының нақты қажеттіліктеріне, әлеуметтік тапсырысқа және оқушылардың функционалдық математикалық сауаттылығын арттыру міндеттеріне толық сәйкес келеді. Бағдарламада білім алушылардың пәнге қызығушылығын арттыру, күрделі тақырыптарды тереңдетіп меңгерту, мемлекеттік қорытынды аттестаттау мен ҰБТ-ға дайындықты жүйелі ұйымдастыру мүмкіндіктері нақты қарастырылған. Сонымен қатар, бағдарлама білім беру ұйымының оқу-әдістемелік жұмысындағы бірқатар олқылықтарды (оқушылардың есеп шығару дағдыларының жеткіліксіздігі, логикалық ойлаудың әлсіз дамуы, күрделі тақырыптарды меңгерудегі қиындықтар) жоюға бағытталған.

Авторлық бағдарламаның ғылыми-әдістемелік деңгейі жоғары. Жұмыс жаңартылған білім мазмұнына негізделіп, типтік оқу бағдарламаларының мақсаттары мен күтілетін нәтижелерін тереңдету бағытында әзірленген. Бағдарламада шығармашылық жаңалық айқын көрініс тапқан: деңгейлік тапсырмалар, топтық, жұптық, зерттеушілік жұмыстар, оқытудың белсенді әдіс-тәсілдері (ассоциация, ой толғау, деңгейлік тапсырмалар, графиктік зерттеу, кері байланыс түрлері) жүйелі қолданылған. Бұл оның инновациялық әлеуетінің жоғары екенін көрсетеді.

Бағдарлама мазмұны жағынан қолданыстағы типтік бағдарламаларға ұқсас болғанымен, тақырыптарды тереңдетіп оқыту, есептерді практикалық және өмірмен байланыстыра шешу, жоғары деңгейлі логикалық тапсырмаларды жүйелі енгізу арқылы ерекшеленеді. Осы тұрғыдан алғанда, бағдарлама авторлық өңдеуімен, әдістемелік шешімдерімен және қолдану формаларымен жаңашыл сипатқа ие.

Жұмыс білім беру ұйымының жалпы ғылыми-әдістемелік даму бағытымен толық үйлеседі. Бағдарлама мектептің оқу сапасын арттыру, оқушылардың пәндік және метапәндік құзыреттіліктерін дамыту стратегиясымен тікелей байланысты. Бағдарлама ғылыми-әдістемелік тұрғыда негізделген, педагогика, психология және пәндік әдістеме талаптарына сәйкес құрастырылған. Онда ғылыми ұғымдар жүйелі беріліп, тақырыптар арасында логикалық сабақтастық сақталған, оқу мақсаттары мен күтілетін нәтижелер нақты айқындалған.

Жұмыстың құрылымы біртұтас, ішкі логикалық байланысы сақталған, мазмұны қарама-қайшы емес. Әрбір бөлім алдыңғы тақырыптармен өзара сабақтасып, білім алушылардың танымдық әрекетін бірізді дамытуға бағытталған. Бағдарлама білім беру ұйымының даму стратегиясымен үйлесімді байланыста жүзеге асырылады.

Бағдарламада көзделген нәтижелер нақты, өлшенетін және орындалуы мүмкін. Әрбір оқу мақсатына сәйкес күтілетін нәтиже айқын көрсетілген, қорытындылар мен тұжырымдар педагогикалық тәжірибеге негізделген және дәйекті.

Бағдарламаның практикалық маңызы жоғары. Ол факультатив сабақтарда, қосымша курстарда, емтиханға және тестілеуге дайындық барысында тиімді қолдануға мүмкіндік береді. Жұмыстың нәтижелілігін болжауға болады және оны тәжірибеде қолдану оқушылардың білім сапасының артуына ықпал етеді.

Жұмыста нәтижелерді ұсынудың әртүрлі формалары қарастырылған: ашық сабақтар, әдістемелік әзірлемелер, шығармашылық есептер, талдаулар, кестелер, диаграммалар. Бұл бағдарламаның тарату және жалпылау мүмкіндігінің жоғары екенін көрсетеді.

Жұмыс ресімдеу талаптарына негізінен сәйкес келеді. Мазмұны жүйелі, құрылымы сақталған. Ұсынылған авторлық бағдарлама ғылыми-әдістемелік тұрғыдан құнды, тәжірибеде қолдануға жарамды және өзектілігі жоғары жұмыс болып табылады.

ШЕШІМІ:

«№16 И.В.Панфилов атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің математика пәнінің мұғалімі Туреханова Гульжан Кулахметовнаның «Тригонометриялық функциялар» тақырыбындағы авторлық бағдарламасы аудан көлемінде таратылсын, облыстық сараптама кеңесіне ұсынылсын.

Төраға



Р.Камалдин

Хатшы



Ғ.Бухарбаева